

Хаттама

Жаһандық қор грантының жобалық өңірлеріндегі үкіметтік емес ұйымдар мен АИТВ-инфекциясының алдын алу орталықтарының аутич-қызметкерлеріне арналған халықтың негізгі топтары – есірткіні қолданатын адамдар (ЕҚА) арасында АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша тренингтер өткізу үшін 2 тренерді іріктеу конкурсы туралы.

Алматы қ.

2026 жылғы 22 мамыр

Конкурс ұйымдастырушысы: ҚР ДСМ «Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҚДИАҒО)

Основание: 1. 2026 жылғы 5 мамырдағы №124-П «Конкурс өткізу туралы» бұйрық.

Отырыс күні: 2026 жылғы 22 мамыр, сағат 11:00

Мекенжайы: Алматы қ., Райымбек даңғылы, 60

1. Конкурсдық комиссия төрайымы: 1) Турдалиева Ботагөз Саитқызы – ҚДИАҒО директорының орынбасары;

Комиссия мүшелері: 2) Давлетгалиева Татьяна Ивановна - ЖИТС бойынша ЖҚ ЖІТ ұлттық үйлестірушісі;
3) Мусина Жаннат Жүнісқызы – ҚДИАҒО эпидемиологиялық мониторинг бөлімінің эпидемиолог дәрігері;
4) Ахметова Гүлжаһан Мәжитқызы – ҚДИАҒО эпидемиологиялық мониторинг бөлімінің меңгерушісі;
5) Полякова Л. – қауымдастық өкілі.

Конкурсдық комиссия хатшысы: Петренко И.И. – ЖҚ ЖІТ бағдарламалық менеджері

2. Конкурс өткізу туралы ақпаратты тарату:

- ҚДИАҒО ресми сайтында хабарландыру орналастырылды: www.kncdiz.kz

- <http://csmkz.kz> сайтында және ЕҮК тарату тізімі арқылы хабарландыру жарияланды

Үміткерлердің түйіндемелерін қабылдау мерзімінің аяқталу күні мен уақыты: 2026 жылғы 21 мамыр, жергілікті уақыт бойынша сағат 17:00.

ЖҚ ЖІТ қызметкерлері хабарландыруға жауап ретінде келіп түскен барлық түйіндемелерге (4) алдын ала іріктеу (шорт-парақ) жүргізді. Оның ішінде барлық төрт кандидат онлайн форматтағы сұхбаттасуға қатысуға келісім берді.

	ТАӘ	Сұхбаттасу уақыты	Қатысуын растау мәртебесі	Сұхбаттасуға қатысуы
1	Козлова А.	11.00	Қатысуы расталды	Онлайн формат;
2	Манкиева В.	11:15	Қатысуы расталды	Онлайн формат;
3	Быкова О.	11:30	Қатысуы расталды	Онлайн формат;
4	Сексенова Ж.	11:45	Қатысуы расталды	Онлайн формат;

3. Сұрақтар қою және бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді:
 Әрбір кандидат 5 балдық жүйе бойынша бағаланды. Комиссияның бір мүшесі қоя алатын ең жоғары балл — 25 балл, ал жалпы ең жоғары балл — 125 балл. Кандидаттың өтуі үшін 125 мүмкін балдың кемінде 87 балын жинауы қажет болды (комиссияның барлық бес мүшесі бағалаған жағдайда), бұл 70%-ды құрайды.

№	Критерийлер
1	АИТВ-инфекциясының алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық, оның ішінде КДП және ОАДТ мәселелері бойынша тренингтер өткізу тәжірибесі
2	Тренер сертификатының болуы (артықшылық болып табылады)
3	Түйіндемемен бірге тренинг бағдарламасы жобасының ұсынылуы
4	Аудиторияны меңгере білу, қатысушылардың тренинг тақырыбына қызығушылығын сақтау қабілеті
5	Білім сапасын арттыру мақсатында тренинг өткізу барысында интерактивті әдістерді қолдану
6	АИТВ-инфекциясын диагностикалау, алдын алу және емдеу мәселелері бойынша білім деңгейі

4. Сұхбаттасуға қатысқан кандидаттарды бағалау нәтижелері:

Кандидаттар	Конкурстық комиссия мүшелері					
	Турдалиева Б.С.	Мусина Ж.	Давлетгалиева Т.	Ахметова Г.	Полякова Л.	Барлығы
Козлова А.	14	16	8	11	22	71
Манкиева В.	29	29	29	28	29	144
Быкова О.	5	8	9	9	20	51
Сексенова Ж.	30	28	30	26	24	138

5. Конкурстық комиссияның шешімі:

1. Конкурс өткізілді деп танылсын.

2. Манкиева В. және Сексенова Ж. кандидаттары барлық үміткерлер арасында ең жоғары нәтижелер көрсетті.

Манкиева В.В. халықтың негізгі топтары, соның ішінде ЕҚА арасында АИТВ-ның алдын алу мәселелері бойынша тренингтер өткізуде мол тәжірибеге және аталған негізгі топтың қажеттіліктерін түсінуге ие. 2025 жылғы тренингтердің қатысушылары ақпараттың қызықты ұсынылуын, қолжетімділігін және креативтілігін атап өтті. Сонымен қатар, Манкиева В. ЕҚА тобы бойынша қауымдастық күшімен мониторинг жүргізу бойынша консультант болды, НПВ бойынша зерттеуге қатысты, сондай-ақ ЕҚА қауымдастығының өкілі ретінде ЕҮК мүшесі болып табылады.

Сексенова Ж. – дәрігер-нарколог, опиоидтық тәуелділік кезінде зиянды азайту бағдарламалары бойынша тренингтер өткізуде мол тәжірибеге ие.

Екі кандидаттың да тренингтер өткізу тәжірибесін ескере отырып, комиссия мүшелері қауымдастық өкілі мен дәрігер-нарколог ретінде екі кандидатты да тартуды орынды деп санайды. Бұл қауымдастықпен және медициналық ұйымдармен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесі мен медициналық білімді біріктіре отырып, тренинг қатысушыларын оқытуға жан-жақты әрі тиімді тәсілді қамтамасыз етеді.

3. Манкиева В. мен Сексенова Ж.-ға Жаһандық қор грантының жобалық өңірлеріндегі үкіметтік емес ұйымдар мен АИТВ-инфекциясының алдын алу орталықтарының аутрич-қызметкерлеріне арналған ЕҚА арасында АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша тренингтер өткізу үшін тренерлік қызмет көрсету шарты жіберілсін.

4. Конкурс қорытындылары туралы хаттама конкурс ұйымдастырушысының <http://kncdiz.kz> орналастырылып, жариялансын.

Төрайым:

Турдалиева Б.С.

Комиссия мүшелері:

Давлетғалиева Т.

Ахметова Г.

Мусина Ж.

Полякова Л.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

Петренко И.












